

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕР
МЕН БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ, ЖОО-НЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА «ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ БУКЕТ» ТАҚЫРЫБЫНДА
СЫРТТАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы

**2014 жылғы 10 желтоқсан-
2015 жылғы 23 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балалардың жаңа жылдық іс-шараларын өткізу және үздік ұйым тәжірибесін анықтау, оны тарату мақсатында Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында «Жаңа жылдық букет» тақырыбында Республикалық байқауды 2014 жылғы 10 желтоқсан - 2015 жылғы 23 қаңтар аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізуде.

Міндеттері:

балалар аудиториясымен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуде заманауи талаптарға жауап беретін жаңа шығармашылық әдістер мен тәсілдерді іздестіру;

шығармашылық байланыстарды нығайтуға, репертуардың кеңеюіне, театрлық қойылымдардың және ойын бағдарламаларының көркемдік деңгейін арттыруға ықпал ету;

жаңа жылдық мейрам мәдениетінің аясында балалардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары қатысады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында сырттай өтетін «Жаңа жылдық букет» тақырыбында Республикалық байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 8-701-189-66-56, 8-747-121-04-86, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.